

Сұхбат

Дидахмет Әшімхан, жазушы:

Мені Дидахмет қылған – Дидахмет Әшімхан

Алтайдың баурайында алты алаштың зиялыларын бір мақсатқа жұмылдыру жөнінде алқалы басқосу өтіп, сол жиынға жерлесіміз, көрнекті қаламгер Дидахмет Әшімхан да келген еді. Шара соңында жазушымен оңаша әңгімелесіп, жеке шығармашылығы хақында сауалдар қойып, қазақ әдебиетінің бүгінгі беталысы жөнінде пікірін білгенбіз.

Тасқала тағлымды қалаға айналып келеді

– «Тасқала» деген әңгімеңіз Өскемен туралы екені белгілі. «Ең жек көретін қалам сол Өскемен» депсіз. Біздің қала жайлы көзқарасыңыз әлі де өзгермеді ме?

– Ол көзқарас бүгінде мүлде өзгерген. Бұлай өзгеруіне соңғы жылдары Шығыста байқалған өзгерістер әсер етті. Жалпы мен басшыларға бас ұрып, орынсыз мақтауға жаным қас адаммын. Мұндай әдет табиғатыма жат. Бірақ соңғы бес жылда Өскемен адам танымастай өзгерді. Айналамызда болып жатқан жақсылықтарды көре білуіміз керек. Басқа игіліктерді қойып, баяғы Лениннің орнына Абай ескерткішінің қойылуының өзі қандай керемет. Бұны Өскемендегі қазақтың ғана емес, бүкіл алаштың рухын көтерген шара деп бағалау керек. Керек десеңіз, бұл тәуелсіздігімізді паш етіп тұрған дүние. Осыдан отыз жеті жыл бұрын мен Өскеменде қызмет істеп жүргенімде орыс шовинистерінің үстемдігі мәңгілік сияқты көрінетін. Сол кезде маған біреу келіп «Отыз жеті жылдан кейін осындай жағдай болады» десе сенбес едім. Бірақ дүние кезек екен. Кеше үстемдік көрсеткендер бүгін қазақтың дәуірі туғанын түсіне бастады. Олар да дүниенің кезек екенін ұғуы қажет. Және бүгінгі өзгерістерді дұрыс қабылдайды деп ойлаймын.

-Сіз кәсіби аудармашысыз. Әлем класииктерін түпнұсқадан аударып көрдіңіз бе?

-Мен орыс тілінен басқа шет тілін білмеймін. Сондықтан барлық авторларды орыс тілінен тәржімалаймын. Мысалы, Джек Лондонды аударсам, орыс тілі арқылы, Глоусуорсиді аударсам орыс тілі арқылы дегендей.

-Түпнұсқадан аударылмаған шығарманың сапасы қаншалықты жоғары болуы мүмкін? Оның үстіне «орысша аудармада орыстың мүддесі қылаң беріп қалатындықтан, кейбір аудармада орыс мүдделі сарындар сол күйінде кетіп қалады» деген пікір бар. Мұндай күмән қаншалықты орынды?

- Әдебиетке сіз айтқандай саясат жүре бермейді. Жалпы аудармашыға сақтық қажет екені рас. Мысалы мен Глоусуорсиді аударған сәтте мынадай жайтты байқадым. Орыс тіліндегі аудармада «Ат алдыңғы аяғын көтеріп

тұрып ұйықтады» деген тіркес бар. Ат аяғын көтеріп ұйықтамайды. Бір аяғына салмақ түсіріп тұрып ұйықтайды. Оны орысша аударған авторы түсінбеген. Мен бұл қателікті қазақшаға аудару кезінде түзетіп жібердім. Түпнұсқадан аударып отырып та автордың ішкі ойын бере алмауың мүмкін. Аударма сапалы болуы үшін ең әуелі авторша ойланып, авторша толғануың, оның со кездегі сезімін кешуге тырысуың қажет. Суреткерлік қабілетің мықты болса, авторды басқа бір аудармадан да түсініп аудару мүмкін дүние.

- **«Ақшоқы» атты шығармаңыз оқырмандар арасында айтарлықтай резонанс туғызды. Шығармаңызды неге «Мұзтау» деп атамадыңыз? Әлде саясаттың салқынынан сескендіңіз бе?**

- Ол әңгімені «Мұзтау» деп атауым мүмкін емес еді. О баста аты мүлде басқаша болған. «Қазақ әдебиеті» газетіне де сол атпен ұсынғанмын. Бірақ соңғы кездегі редактор Жұмабай Шаштайдың кеңесімен, шығармада Ақшоқы есімі жиі кездесетінін ескере келе осылай атадым.

- **«Ақшоқыңыз» Мұзтаудың өзге елдің аумағына өтіп кетуіне қапаланған сезімнен туындаған шығарма ғой. Неге «Мұзтау» деп қоймағаныңызды сол үшін сұрап отырмын. Осы шығармаңыздың идеясына тоқтала кетсеңіз.**

- «Ақшоқының» негізгі ойы «Ұрпағыңның табанын туған жердің топырағынан үзбе» дегенге саяды. Балаларын қазақша оқытқанына марқайып жүрген кейіпкер оқыту мен тәрбие беру екі бөлек шаруа екенін кеш түсінеді. Бұлай өкінуіне жаны қиналып, дегбірі қашқан шақта перзенттерінің шартты қамқорлықтан ары аса алмай, әкенің аңсарын дөп таба алмауы түрткі болады. Баларынан, өмір бойы отасқан жарынан таба алмаған жұбанышты, жерлес інісі Дүйсеннен табады. Оқиға желісі **maшһap** алдындағы адамның жан дүниесін беруге негізделген. Өлер алдында оған туған балаларынан гөрі, туған жердің қадірін білетін бөгде танысының жақын болып көрінуі көп дүниені аңғартады. Баланы қазақша оқыту толықтай қаза етіп шығардым деген сөз емес. Ұрпағың өз тегінен ажырамас үшін қазақша тәрбие беру керек. Шығарманың негізгі айтайын деген ойы осы.

-**Сізді артынан жаман сөз, жағымсыз әңгіме ертпейтін адам дейді. Құпиясы неде?**

-Соңымнан жағымсыз сөз ермейтін себебі, турашылдығымнан деп ойлаймын. Мен жасандылық, жағымпаздық дегенге жаным қас адаммын. Ұнаса да, ұнамаса да бетіне айтамын. Жағымсыз сөз кімнің соңынан ереді? Өтірікшінің, принципсіз жалтақтың, біреудің сыртынан жамандайтын сұйықтың, жылмаң-жылмаң сұқиттың. Шүкіршілік, мұндай қасиеттерден аулақпын. Бірақ адамның бәріне бірдей жағу мүмкін емес қой. Мені де ұнатпайтындар бар шығар. Бірақ оларға ұнайын деп жалпақ шешей болар жайым жоқ.

Оралханның тойына ерекше тартумен келмекпін

-Биыл Оралхан Бөкейдің 70 жылдық мерейтойы. Ал ол кісі сіздің рухани ағаңыз, туыстығын жағын қуалар болсақ, нағшыңыз екен. Өзіңіз бұл тойға қандай тартумен келмексіз?

-Бірінші тарту – «Біздің Оралхан» атты кітап. Катонқарағайдағы жанашырлары дайындады, мен баспада өңдеп, бастырдым. Мен қолымнан шыққан кітаптың кез келгеніне көңілім тола бермейді. Ал мына кітапты шығарған кезде Оралхан желкемнен қарап тұрғандай күйде жүрдім. Мың данамен таралды. Қазір Катонқарағайдағы ағайынның қолында жүр. Екінші тартуым – жеті томдық шығармалар жинағы. Бұл жинақ Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, министр Мұхтар Құл-Мұхамметтің тікелей ұсынысымен дайындалып жатыр. Мына жайтты айта кетудің артықтығы болмас. Оралханның осы көптомдығын шығару жайлы ұсынысты министрдің өзі тастады, мен оның кабинетіне кіріп, бұны шығаруды маған тапсыруын өтінген де емеспін. «Биыл Орекеңнің 7 томдығын жоспарға кіргізіп қойған едік. Ағаңыздың кітабын өзіңіз шығарыңыз» деді. Мен құп алдым. Алғашқы үш томының беташар нұсқасы дайын тұр. Қалған төрт томы бір айдың ішінде дайын болады. Солайша тойға жеті том кітаппен барам.

-Шерхан Мұртазамен он жылдай бір шаңырақ астында қызмет істепсіз. Ол кісінің турашылдығы, әділдігі жөнінде зиялы қауым өкілдері тамсанып айтып жатады. Сіз оның қандай жақсы қасиеттерін бойыңызға жұқтыра алдыңыз?

-Мен Шерағаңның қол астында тоғыз жыл қырық күн қызмет істедім. 1980 жылы келіп, 1989 жылы 10 қарашада газеттен кетті. Мен ол кісімен өткен 9 жылымды екі университет деп есептеймін. Университеттен алмаған білімді мен «Қазақ әдебиетінен» алдым. Ол қарамағындағы қызметкерлерге еркіндік беретін. Сол қиын кезеңде еркін журналист болу өте қиын еді. Шерхан өте талапшыл болды. Ұлтжандылығымен үлгі бола білді. Тым-тым батыл еді. Сол батылдығының кесірінен Орталық Комитеттен сөгіс те алып жататын. «Шерхан ертең қызметтен кетеді екен» деген гу-гу әңгіме жиі айтылатын. «Ертең кетеді екен» деген әңгіме шығып жатса да ол жұмысын сол ынтамен, сол екпінмен істей беретін. Шерағаңнан маған бір қасиет жұққан болса, ол – шыншылдық деп ойлаймын. Бір нәрседе батыл шешім қабылдап, күлбілтелемей турасын айту керек болса, мен Шерханша әрекет етуге тырысам. Ол кісіден екінші үйренген дүнием – кішіпейілдік. Шерағаң алдына келген адамның кез келгенін өзімен өрелес деп қабылдайтын. Осы қасиетті мен Шерханнан қабылдадым. Ол кісіні туған ағамдай жақын тұттым. Ол да маған туған інісіндей көмектесті. Оны қатты сыйлаймын. Өзім отырған жерде ол туралы бір ауыз артық сөз айтқызбауға тырысамын.

-Сіздің әдебиетке келуіңізге кім ықпал етті?

- Маған бұл тұрғыда ықпал еткен адамдар өте көп. Тіл жағынан мен Қалихан Ысқаққа табынам. Бірақ мен Қалиханға ұқсап бір сөйлем жаза алмаймын. Өйткені Қалағандай бейнелі жазатын жазушы жоқ. Оны Оралхан

Бөкей де мойындаған. «Егер де қазақ жазушысы, халық жазушысы деген атқа лайық бір адам болса, ол – Қалихан» деп айтып кеткен. Екінші, мен Бейімбетке ұқсап бір сөйлем жаза алмаймын. Өйткені өте қарапайым жазу өте қиын шаура. Бейімбеттей қарапайым жаза отырып, халықтың өмірін беру ешкімнің қолынан келмейді. Мен талант деп табынар екі адам болса, оның бірі – Қалихан, бірі – Бейімбет. Ал әлемдік деңгейде Джек Лондон мен Мопассанға тәнтімін.

-Бұл енді рухани ұстаздарыңыз ғой. Ал әдебиетке нық қадам басу үшін кейде жарнама, жылы пікір, тікелей қолдау керек қой. Сол тұрғыда сіз кімге қарыздарсыз? Мәселен, Оралхан Бөкей Шерхан Мұртазаның шапағатын көп көргенін өзі де айтып кеткен ғой.

-Мені Дидахмет қылған – Дидахмет Әшімхан. Мені біреу кеп қолдап еді, соның арқасында шықтым деп өтірік айта алмаймын. Қалихан, Оралхан, Сағат сынды ағаларымның істеген жақсылығын жоққа шығармаймын, бірақ мен ешкімге еліктеген жоқпын. Алғашқы шығармамнан-ақ өз жолымды, өз стилімді тапқан адаммын. Бірақ көп жазған жазушы емеспін. Бар жазғаным – публицистикалық мақалалармен, аудармалармен қосқанда бар-жоғы бес-ақ том. Таза өз шығармаларым қалың-қалың екі том болар. Сол жетеді өзіме. Бір жылда бір әңгіме жазсам, оған мен тәубе деймін.

-Елдегі белді баспаның тізгінін ұстап отырсыз. Ал әдеби қауымның ортасында баспа бизнесі әдебиетті құртып бара жатқаны жөнінде әңгіме жүр. Осы тұрғыдан келгенде қуыстану бар ма сізде? Баспа басшысы ретінде бұл үрдіспен қалай күресіп жатырсыз?

-Біздің алдымызға қандай қолжазба келмейді десеңші. Біреулер кезінде кеңшарды қалай басқарғанын кітап етіп жазып жатады. Жарайды, кеңшардың құрылуы, оны басқарған адамдардың ауысуы кішігірім тарих дейікші. Ал енді кейбіреулер өздерінің отбасылық жағдайын, қазан-ошақтың әңгімесін кітап етіп алып келеді. Ақшасын төлеп тұрған соң лажсыз шығарамыз. Расында да ондай былықпа дүниелер өте көп шығып жатыр. Соны шығарушылардың бірі менмін. Кейде осыным үшін қуыстанам да. Онымен күресу деген қазір жоқ. Болмайды да. Өйткені нарық заманының талабы ақшаға келіп тіреледі. Біз баспа тарапынан тек сыртқы безендірілуіне ғана әсер ете аламыз. Ал ішкі мазмұнына араласа алмаймыз. Бізге тек ішінде мемлекетке қарсы, ұлтаралық жанжал тудыратындай дүние болмауы керек. Осыған дейін мазмұнын жаратпай біреудің тапсырысын қайтарып тастадым деп өтірік айта алмаймын. Ақшасын төледі ме, амал жоқ, басамыз.

Әдебиетте ұлт үшін қауіпті бағыттар пайда болды

-Сіздің әдебиеттегі постмодерндік бағытқа қарсы екеніңізді білеміз. Ұлттың сөзін ұстаған, аузы дуалы ағаларымыздың бәрі солай десек те болады. Соған қарамастан бұл бағытты ұстанушылардың қолдауы мықты сияқты көрінеді. Мұндай жолды қолдаушылардың

мақсаты не? Мұның ар жағында астыртын саясат жатқан жоқ па, қалай ойлайсыз?

-Әдебиеттегі жаңа бағыттар, ағымдар бұрынғы заманда да болған. Оның кейбір элементтері, керек десеңіз, біздің батырлар жырында да, ұлы деген ақындардың өлеңдерінде де кездеседі. Бірақ, адам баласы түсінбейтін, кешегі Пикассоның кубизмі сияқты шығармалар поэзияда да, прозада өте көп демесек те, алғашқы нышандары бар. Ал осы алғашқы нышандардың құлағы қылтиып шыққан кезде бірінші болып соққы берген мен едім. Дидар Амантай деген жақсы ініміз бар. Орыс тілінде де, қазақша да еркін жаза береді. Алайда сол жігіттің маңайында жүрген жазармандар (писакалар) өздерінің жаңағыдай бағыт ұстанғанымен қоймай, кешегі Мұхтар, Ғабит пен Сәбит жазған дүниелерді мансұқтай бастады. Лира Қоныс деген қарындасымыз: «Кеңес дәуірі кезінде жазылған шығармалардың бәрі шатпырақ» дегенге саятын пікір таратты. Сол кезде барып мен атқа қондым. Қолыма қалам алып «Нені қадірлейміз, кімді қастерлейміз» деген тақырыппен үлкен мақала жаздым. Бұл Дидар Амантайға ашық хат еді. Ашық хат болғанда да артық ғайбатсыз, өте мәдениетті тілмен көзқарасымды білдірген материал-тұғын. Ал Лира Қонысқа аздап қаттырақ айттым. «Жолыңды біл, жөніңді біл. Мың жерден мықты болсаң да, Ғабиттер мен Сәбиттер жазған қасиетті дүниеге тіл тигізбе. Өйткені сен қара таныған тұста әдебиетті солар арқылы танығансың. Сені әдебиетке әкелген де сол дүниелер» деген райда кеңес бердім.

Ал осыларды қолдау жайында мынаны айтар едім. Осындай дүниелердің көптеп таралуына мүдделі, дүниежүзіне белгілі бір Қор бар. Оның атын бұл жерде атаудың қажеті шамалы. Менің бір күмәнданатыным, сол Қор ұрпағымызды ұлттық тамырдан ажырату үшін жанын салып жатқан сияқты. Кез келген ұлтты тегінен ажырату үшін рухани тұнығын лайлау қажет. Біздің тәрбиемізде бар үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, тарихыңды қасиет тұту сынды адамгершілік қасиеттің барлығын жоққа шығарып, зұлымдықты насихаттауға мүдделі сияқты сол Қор. Бұл әзірге әдебиетте жаппай сипат алмағанымен, бейнелеу өнеріндегі кейбір жүгенсіз суретшілердей жауыздықты, зұлымдықты, арсыздықты насихаттау біртіндеп әдебиетке ауыса бастаған сыңайлы. Олар постмодерндік бағыттағы шығармаларды жазғызады, келістіріп ақшасын төлегенімен қоймай, шет тілдеріне аудартып, бүкіл әлем қызығушылық танытып жатқан сыңайлы жарнамасын жасайды. Ал шын мәнінде ол аудармалар шетелде туралып, қоқысқа тасталады. Сурет өнерінде де осы сияқты. Зұлымдықты, ұлттық бояуы жоқ туындыны жарнамалап, қымбатқа сатып әкетеді. Ал сол сурет шекара асқан соң тағы да қоқысқа тасталады. Қазақ сияқты зердесі бай халықты ұлттық бояудан айыру үшін адам түсіне кірмейтін қаржы құюға дайын. Әдебиет пен өнердегі кейбір құбылыстарды көре отырып мен осындай ойға қалам. Ойға қалған емес, кейде тіпті кәдімгідей сеніп кетем солай екеніне.

Ішке сыймайтын дүние көп. Бірақ басымды дауға салғым келмейді

-Бүгінгі дөңгелек үстел барысында зиялы қауым өкілдерінің арасында ауызбіршілік жоқ екені тағы да айтылды. Солай екенін Жазушылар одағының соңғы съезінде де көрдік. Осы үлкен дау ғаламторда талай әңгіменің тұздығына айналды. Сіздің пікіріңізді білсек деп едім. Соңғы съезге не деп баға бересіз?

-Мен жалпы дау-дамайдан алыс жүргенді жөн көремін. Мұндай әңгімеге араласпау керек, аралассаң да дауласпау керек деп ойлаймын. Бірақ ішімізге сыймайтын дүниелер өте көп. Кім білсін, заман солай ма?.. Мен – жазушымын, ал жазушының мақсаты – жазу. Шындықты айтқысы келді ме, ақиқатты дәлелдегісі келді ме, шығармасы арқылы жеткізу керек. Менің ұстанымым осындай. Сондықтан қандай да бір дауға пікір айтуға құлықсызбын.

-Жастардың талқысына көп түскен шығармаңыздың бірі – «Құдайсыздар» атты әңгімеңіз. Сондағы әжеңіздің бейнесі арқылы қазақтың тақуалығы, одан шеккен зардабы жайлы салмақты ой айтылған. Осы орайда мынандай сұрақ туындайды, жалпы Дидахмет Әшімханның дінге деген көзқарасы қалай? Сізді кейбіреулер сопылық ағымды ұстанушыларды қолдайды деп жүр. Тіпті кезінде соларды ақтап жазған ашық хатқа қол қойыпсыз.

-Сопылық ағымды қолдаймын дегеннен гөрі, құрметтеймін десем дұрысырақ болады. Осы ұстанымымнан еш уақытта бас тартпаймын. Себебі, сопылық ағымды қолдауым – қазақты қолдауым. Өйткені өзінің салт-дәстүрімен ғана қазақ қазақ болып қалмақ. Сол салт-дәстүрдің ешбіріне сопылық ағым қарсы келмейді. Тарихтан білесіз, ислам дінін түркі танымына бейімдеу арқылы пайда болған сопылық. Оның бастауында тұрған Ахмет Иассауиді бүкіл әлем мойындап қойған. Сол ғасырлар бойы мойындалып келген дүниені бір-ақ күнде жоққа шығаруға мен қарсымын.

Алтайдан шыққан жазушылар, соның ішінде Катонқарағай маңынан шыққан қаламгерлердің қайсысын алсақ та, көлемі мен тарихи ауқымы жағынан күрделі дүниелерді толықтай қамтып жазбағансыздар. Мұның себебі не? Табиғаттың берген сыйының ерекшелігі ме, әлде бұл әдеби мектептің ерекшелігі ме?

-Осы жерде бір негізді дүниені айтайын. Мынау Абай ауданымен салыстырып қарасақ, Катонқарағайдағы жағдай мүлде бөлек. Абай ауданында үлкен әдеби дәстүр, үлкен әдеби орта болды. Мен таңғалам, өзінің найман екенін Алматыға барып білген жігіттерден осындай жазушылар шыққанына. Өйткені біздегі рухани орта тым қасаң, жұпыны-тұғын. Мен қобыз аспабын жиырма екі жасымда бірінші рет көрдім. Ал мына Абай ауданында Әлмағамбеттердің тұсында, он тоғызыншы ғасырда қобызды қойып, скрипкасыз кеш өтпеген. Сол себепті біздер, катондық жазушылар, кең тынысты боламыз, кішкентайымыздан мәйекті әңгімеге сусындап өстік деп айта алмаймын. Бізді тәрбиелеген – халық ауыз әдебиеті. Мен роман жаза

алам деп еш уақытта айта алмаймын. Тіпті әңгіменің өзін көлемді қылып жаза алмаймын.

-Бұл жалқаулық деп ойламайсыз ба?

-Жалқаулық емес, мен ондай кең тынысты жазушы емеспін. Бірақ әдебиеттің кереметтігі сол, шебер болсаң романмен айта алмайтын шындықты бір ғана әңгімемен беруге болады. Атын атамай-ақ қояйын, жуықты кең тынысты деген бір жазушының 15 том шығармасын шығардық. Соның ішінде бір шығармасының бір кейіпкері есімде қалмапты. Менің пайымымда әдебиетте көлемнен гөрі мазмұн маңызды.

-Әңгімеңізге рахмет

Сұхбаттасқан – Есімжан Нақтыбайұлы